




2 сәуір -балаларға арналған кітап күні

Халықаралық балаларға арналған кітап күні 1956 жылдан бастап Халықаралық кеңестің шешімімен жыл сайын дат жазушысы Ганс Христиан Андерсеннің туылған күніне орай атап өтіледі. Көптеген елдерде балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы аясында әлемнің үздік кітаптарына арналған байқаулар, көрмелер, конференциялар мен фестивальдар өткізіледі.



23 сәуір -Бүкілдүниежүзілік кітап және автор құқығын қорғау күні.

Бұл мерекені 1996 жылы ЮНЕСКО Уильям Шекспир (1564-1616), Мигель де Сервантес (1547-1616) және жазушы - тарихшы Инко Гарсиласо де ла Веганы (1539-1616) еске алу мақсатында бекітті. Бұл үш жазушыны біріктіріп тұрған олардың өмірден қайтқан күндері - 1616 жылғы сәуірдің 23-і.



Қазақ кітаптарының рейтингі

Бестселлер

Мұхтар Мағауин, «Жармақ», Црага, «Арт-Фокус» баспасы, 2008 жыл. Чехияда бір басылды. Қолдан қолға тимеді. Сосын «Жамбыл», «Жұлдыз» журналдары жариялады. 2010 жылы «Қазақ альманағы» бір нөмірін арнады. Роман қазақ елінің ғасырлар тоғысындағы көкейесті мәселелеріне арналған. Онда ұлтсыздық, мемлекет болашағы, халық тағдыры туралы толғаныстар көрініс тапқан.

Табылған тандэм

Мұхтар Шаханов, Шыңғыс Айтматов, «Құз басындағы аңшының зары», «Білім» баспасы.

Эпистолярлық жанрда жазылған шығарма көркем және жеңіл. Танымдық қыры да мол.

Тарихи таным

Тұрсын Жұртбай, «Дулыға» дилогиясы, «Жалын» баспасы, 2007жыл. Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. Өткенінен қол үзіп қалған алаш азаматтары үшін таптырмас басылым. Тегімізді танытқан туынды.

Танымыл эссе

Қадыр Мырза Әлі, «Иірім», «Атамұра» баспасы, 2004 жыл, 10000 дана XX ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының бәрі болмағанмен, біразы осы кітапта қамтылған.

Этнографиялық басылым

Ақселеу Сейдімбек, «Қазақ әлемі», Санат баспасы, 1997 жыл. Қазақ тарихы мен этномәдениетіне қатысты ой-пікірлері жинақталған.

Мәлімет “Халық сөзі-халық газеті” газетінен алынған

Бетті дайындаған: Қожахметова Сара
Сәуірбекқызы

Имандылық тұтқасы



“Қызғалдақ”
қыз балалардың
сырласу бұрышы

Оқы, зердене тоқы!
Қыз балаға қойылатын талаптар

1. Қыз бен жігіт арасындағы туыстық жеті атаға толуы : Жеті атасын білмеген жетесіз. Жеті атасын білген жігіт жеті жұрттың қамын ойлайды. Жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық.
2. Қыз бен жігіт арасындағы жас үйлесімі болуы: Отау тігер жас – жігіттерде 19 бен 25, ал қыздарға 16 мен 19. Жиырмаға жеткен қыз сары болар, өңі кетіп, шырайы сары болар. (Шал ақын)
3. Қыздың ақылдылығы: Әйел алсаң, қарап ал ақылдысын, Ол сенің ақыреттік жақың кісің. (Шал ақын)
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата – ананың қызынан қапы қалма (Абай)
4. Қыздың тектілігі :
Тегіне қарап қызын ал.
Көріп алған көріктіден,
Көрмей алған текті артық.
Аяғын көріп асын іш,
Шешесін көріп қызын ал.
5. Қыздың сымбаты мен көркі :
Әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне.
Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу,
Махаббаттың отына күйген сұлу.
Ақылына көркі сай.
6. Қыздың іскерлігі :
Өнерсіз қыздан без.
Өнегесіз ұлдан без

Бетті дайындаған: Елдес Асылжан



“Толағай”
ер балалардың
кеңесу бұрышы

Ұяла білуде-әдептілік.

Ұят – адамға тән сезім қабілеті, ол әр түрлі болады. Ұялу сезімі адам сезімдерінің ең бастыларының қатарынан орын алады. Өйткені ұят, ұялу сезімі ар, ождан, намыс деген адамгершілік қасиеттермен тығыз байланысты. Ұят – адам қасиетін бағалайтын сезім. Ол сезім отбасында ересек адамдардың әңгімесінен есту арқылы бала кезден адам бойына ұялайды. Ұят – ең нәзік сезім, ол адамның беделімен, абыройымен тығыз байланысты. Бедел мен абыройға қарапайым еңбегің арқылы, байыпты сөзің арқылы, мейірімді мінезің арқылы, әдеп сақтауыңмен, үлкенді тыңдау, сыйлау, құрметтеуіңмен, тапқыр ойыңмен, қатар құрбыларыңның алды болуыңмен, достық-жолдастық қарым-қатынасыңмен, ибалылығыңмен, ынта-жігер, талабыңмен, тындырымдылығыңмен, жақсыны жаманнан айыра алуыңмен, оларға деген игі де ізгі ниетіңмен, жек көру, жақсы көру ләззатыңмен жетесің.
Ұялу – мәдениеттілік! Ол дәрекілікке қарсы қойылады. Ағаттық жасап, кінәлі болсаң, тез кешірім сұра, сенің кінәң тазарады, көңілің көтеріледі, сөйтіп, мәдениеттілігіңді танытасың. Әсіресе, ер балалар кейде алдау мен ойнаудың арақатынасын айқын анықтап ала алмайды да, ойнаймын деп, жолдас-құрдасының өзіне деген сенімін жоғалтып алуы мүмкін. Халқымыздың «Ойнасаң да, ойлап ойна» дейтіні осыдан. Кейде «Ойыннан от шығады» деп, қатал ескертеді. Осылардың бәрі ер балалардың кейбір ерсі қылығынан туындайды. Ерсі қылық көбіне ұятқа қалдырады.

Бетті дайындаған: Сексенов Мейірбек

Гимназия жаңалықтары

7 сәуір-Дүниежүзілік денсаулық күні

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының құрылған күнінен бастап аталып келеді, оның жарғысы 1948 жылы 7 сәуірде қабылданған. Жыл сайын денсаулық күнін өткізу 1950 жылдан бастап дәстүрге айналды. Денсаулық күніне орай 1-10 сәуірде онкүндік өтті. Онкүндік барысында «Денім сау болсын десең-спортпен шұғылдан!» тақырыбында 1-5 сынып білім алушыларымен суреттер байқауы болып, үздік жұмыстар аталып, гимназия директорының мақтау қағаздарымен марапатталды. «Дені сау ұрпақ-еліміздің болашағы» ұранымен бастауыш сынып білім алушылары арасында «Көңілді мәре», 9-11 сынып білім алушылары арасында гір көтеруден жарыстар ұйымдастырылды. Гір көтеруден оза шыққан білім алушылар аудандық гір көтеруден өткізілген жарысқа қатысып, команда бойынша жүлделі ІІ орынға ие болды.



Сүйінші!

Дөң Кен Байыту комбинатының жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен дебаттар турнирінде «Real» командасы жүлделі І орынға ие болды.



“Оқитын балалар-ұлтымыздың болашағы”

“Өзінің биік, рухани қасиетімен Кітап-мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару. Кітап-уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді. Өз еліміздің болашағы-жастарға біздің қалдыратын толыққанды дербес мұрамыз-Кітап болмақ. Кітапты аялайық, құрметтейік, Кітапқа адал болайық!» Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

2сәуір күні Халықаралық балалар кітабы күніне арналған “Оқитын балалар-ұлтымыздың болашағы” тақырыбында ток шоу болып өтті. Шараның мақсаты: кітап оқуды насихаттау, адамгершілікке тәрбиелеу.



Бетті дайындаған: Атабаева Нұрайым

Білгенге - маржан

**Гибратты әңгімелерді оқы,
көңілге тоқы !**

Асанның есебі

Әкесінің әлденені есептеп, жазып отырғанын көрген Асан есімді бала өз бөлмесіне жүгіріп кеп, ойына алған нәрсені орындауға кіріседі. Анасына көрсеткен азын-аулақ көмегі үшін ақша сұрамақшы болады. Келесі күні анасы ас үйдегі үстелдің үстінен бір қағаз тауып алады. Ондағы жазу мынау екен:

«Анасының ұлы Асанға қарызы:

- дүкеннен сөмке тасығаны үшін – 550 теңге;
- хаттарды поштаға салғаны үшін – 300 теңге;
- жақсы бала болғаны үшін – 1500 теңге;
- гүлдерге су құйғаны үшін – 900 теңге;
- Барлығы – 3250 теңге»

Анасы үстелдің үстіне 3250 теңге қалдырып кетеді. Кешке Асан ақшаны көргенде қатты қуанады. Алайда ақшаның жанында тағы бір қағаз жатқан еді. Онда былай деп жазылыпты:

«Асанның анасына қарызы:

- үйде өткізген 10 жыл бақытты өмірі үшін – ештеңе;
- 10 жыл ішінде ішіп-жегені үшін – ештеңе;
- Ауырған кездегі бағым-күтімі үшін – ештеңе;
- Жақсы ана болғаны үшін – ештеңе;



Бетті дайындаған: Нүрпейісқызы Зере

**12 сәуір-Бүкіләлемдік авиация және
космонавтика күні.**



Осыдан 52 жыл бұрын 1961 жылдың 12 сәуірінде таңғы сағат 9-дан 7 минут өткенде Байқоңыр ғарыш айлағынан әуе кеңістігіне «Восток» кемесін аттанды. Ол кемеде әлем тарихындағы орбитаны бойлай ұшқан тұңғыш ғарышкер, аға лейтенант Юрий Алексеевич Гагарин болған еді. Жерден мыңдаған шақырым алыс ұшқан оның сапары дәл сол кезең үшін рекордтық көрсеткіш болды. Сапар 1 сағат 48 минутқа (108 минут) созылды.

Ғарыш ғажайыптары

- Ғарышта жалпы 300-ге жуық адам болған.
- Ғарышта ең ұзақ болған - орыс ғарышкері Валерий Поляков. Ол «Мир» ғарыш айлағында 1994 жылдың қаңтар айынан 1995 жылдың наурыз айына дейін 417 күн 17 сағат болған.
- «Вашингтондағы Дүниежүзілік авиация мұражайында әлемдік авиацияға еңбегі сіңген адамзаттың ең таңдаулы он азаматының аты-жөні мәңгілікке алтын әріптер-мен құйылып жазылған. Әлемдік деңгейде әбден сүзгіден өткен бірегей сол тізімде қазақтың батыр тұлғалы баласы Токтар Оңғарбайұлы ӘУБӘКІРОВтің есімі ҮШІНШІ болып тұр! Неткен мерейлі мақтаныш!»

**Бас редактор: Елеусизова Әлия
Мухамбетқызы**

Тарату бөлімі: "Құбылнама" клубы
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.
Мекен жайы: Хромтау қаласы
Әуезов көшесі 126
№6 Хромтау гимназиясы